

Тапенова Гульнур Сагатовнаның «6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылатын «Білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p><b><u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></b></p>	<p>Рецензияға ұсынылып отырған Г.Тапенованың диссертациялық жұмысы ғылымның дамуының басым бағыттарына және қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасында және ҚР білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында қозғалған әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзекті мәселелер көтерілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді, атап айтсақ, «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар облысындағы зерттеулер» бағытына.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>қосады</u></b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған</u></b> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға біраз үлес қосады. Диссертацияда қойылған зерттеу міндеттері отандық ғылымның қазіргі даму кезеңі үшін маңызды болып табылады.

3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзіжазбаған	Зерттеу барысында докторантпен диссертациялық жұмыста өзі жазу қағидаты сақталған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жеткілікті деңгейде негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның құрылымы (оған кіретін нормативтік сілтемелер, белгілер мен қысқартулар, кіріспе үш тарау, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі, қосымшалар жалпы тақырыбына сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жұмыста білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың бұрыннан белгілі теориялық ережелерге сыни талдау жүргізілген. Автормен ұсынылған әдістер мен тұжырымдамалар дәлелді, ал басқа автордың қолданған дәйек сөздері диссертанттың тарапынан сыни пайымдауға және логикалық келісімге жатады.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер, қағидаттар мен ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде автормен ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынылатын, Халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда, халықаралық конференцияларда ғылыми мақалалармен нақтыланған.

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады және диссертациялық жұмыстың логикалық аяқталуын дәлелдейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жартылай жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p><b><u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</u></b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, ұсыныстар дәлелденген және негізделген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:  7.1 Қағидат дәлелденді ме?  <b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңама?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолданудеңгейі:  1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p><b>Тұжырым 1:</b>  Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудағы білімдер экономикасының ұғымдық-категориялық дамуындағы «Білімдер экономикасы» ұғымына авторлық түсініктеме және білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім берудің дамуының құрылымдық-логикалық сызбасы.  7.1. Қағидат ғылыми негізделген және дәлелденген;  7.2. Тривиалды емес;  7.3 Қағидат жаңа болып табылады;  7.4. Қолдану деңгейі - кең;  7.5. Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген - State Management of the Education System in the Conditions of Knowledge Economy Formations: Journal of Applied Economic Sciences -V.13.- Iss.6.- 2018. - P. 1791-1801.</p>

		<p><b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p><b>Тұжырым 2:</b> 2) Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігін «2016-2019 жылдарға арналған ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» негізінде интегралдық әдіс бойынша бағалауы және мемлекеттік бағдарламалардың Ұлттық жобаларға трансформациясы. 7.1. Қағидат ғылыми негізделген және дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3 Қағидат жаңа болып табылады; 7.4. Қолдану деңгейі - кең; 7.5. Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген және негізгі нәтижелері ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінде апробациядан өткен.</p> <p><b>Тұжырым 3:</b> Жоғары білім берудің әлеуметтік диагностикасы негізінде эмпирикалық талдау жасалып, жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар. 7.1. Қағидат ғылыми негізделген және дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3 Қағидат жаңа болып табылады; 7.4. Қолдану деңгейі - кең; 7.5. Автормен жарияланған мақалаларда дәлелденген - The social efficiency of the public administration of the higher education system in the republic of kazakhstan; Public Policy and Administration - V. 11. - No. 4. – 2022.- P. 361-378; Sociological diagnostics of public administration by the higher education system in the Republic of Kazakhstan: Қарағанды университетінің хабаршысы Экономика сериясы. - 2019. - №2(94). - 42-51б.; Методологические подходы к социологической диагностике государственного управления</p>
--	--	---------------------------------	---

			<p>системой высшего образования: Зелений бізнес: життя заради майбутнього: Матеріали VII Міжнародної науково-практичної конференції молодих учених (10-11 квітня) – Київ: ЦП Компрінт.- 2019. - С. 141-150 және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінде апробациядан өткен.</p> <p><b>Тұжырым 4:</b> Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар. 7.1. Қағидат ғылыми негізделген және дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3 Қағидат жаңа болып табылады; 7.4. Қолдану деңгейі - кең; 7.5. Автормен жарияланған мақалаларда дәлелденген - Regulatory aspects of public administration system of higher education in the Republic of Kazakhstan: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабарлары Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар сериясы. -2019. - №1(323). - 151-160 б. State administration of higher education in the Republic of Kazakhstan: problem and perspectives: Қарағанды университетінің хабаршысы Экономика сериясы. - 2020. - №1(97). - 141-152 б.</p> <p><b>Тұжырым 5:</b> Жоғары білім беруді цифрландыруды жетілдіру аясында «цифрлық университет» тұжырымдамалық негізі. 7.1. Қағидат ғылыми негізделген және дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес;</p>
--	--	--	--

			<p>7.3 Қағидат жартылай жаңа болып табылады;</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі - кең;</p> <p>7.5. Автормен жарияланған мақалаларда ішінара дәлелденген - Инновационное образование и образование для инноваций: сила цифровых технологий и навыков: Қазіргі әлем және жастар: көзқарасы және дамудың диалектикасы. Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары - Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. - 2018 ж. - 335-338 б.;</p> <p>Высшее образование Казахстана в условиях становления экономики знаний: проблемы и перспективы: Ғылым және қазіргі қоғам: жаңа мүдделер, қозғалу векторлары, даму басымдықтары: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарында (8-19 қазан) - Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 2018 ж. - Т.1. - 190 б.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) ия;</b> 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) ия;</b> 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және толықтай сипатталған болып табылады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы мәліметтердің интерпретациясы мен өңдеу тәсілдерін қолдану негізінде алынған. Ізденушімен жүйелі, кешенді және саяси-мәдени тәсілдерді пайдаланған, сонымен қатар құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы талдау қолданылған. Бұдан өзге, тарихи, әлеуметтік, статистикалық, институционалдық, интегралдық зерттеу әдістері қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар өзара анықталған, заңды тұрғыда</p>

		анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) ия;</b> 2) жоқ	дәлелденген және ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы талдау және бағалау нәтижелерімен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған /расталмаған	Автор диссертациялық зерттеуде маңызды тұжырымдарды өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық зерттеуде қолданылған қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі дереккөздер тізімі әдебиеттік шолу үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Зерттеу жұмысы теориялық маңызды. Зерттеудің теориялық базасы жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектері болып табылады. Изденуші «білімдер экономикасы», «жоғар білім беру жүйесі», «жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» ұғымдарын нақтылаған. Сонымен қатар, білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру жүйесінің тұжырымдамалық ерекшелігі анықталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу тәжірибелік маңызды және алынған негізгі нәтижелердің тәжірибеде қолданылу ықтималдығы жоғары. Бағдарламаның интегралдық бағалауы жобалардың нәтижелілігін бағалауда қолданылуы, элеуметтік диагностика әдісі ҚР ҒЖБМ-мен қоғамдағы элеуметтік пікірді зерттеу барысында, мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық

			ұсыныстар білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары оқу орындарды ынталандыру тетіктерін белсендендіру барысында қолданылуы ықтимал. Сонымен қатар, бірқатар нәтижелер кешенді жоспарлар мен ұлттық жобаларда қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментімен берілген енгізу актісімен расталады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық зерттеуді жазу және ресімдеу сапасы – жоғары. Автор мазмұндаудың ғылыми әдісін қолданған. Диссертациялық жұмыс талаптарға сәйкес ресімделген.

Жалпы ізденушінің жұмысына оң баға бере отырып, келесідей ұсыныстарды атап өтуге болады:

1. Диссертациялық жұмыста жоғары оқу орындардың басқару жүйесін жетілдіру кең тұрғыда талқыланған, алайда кәсіби және қоғамдық бірлестіктер мен өңірлік әкімдіктердің жоғары оқу орындардың басқару жүйесіндегі рөлі бағыттарының мәні толық көрсетілмеген.

2. 2.2 тарауда көрсетілгендей «2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында өзекті екі бағытының негізінде интегралдық әдіс бойынша бағалауы жүргізілген. Бірақ, автормен берілген «білімдер экономикасының» ұғымына сәйкес үшінші құраушысы ақпараттық коммуникациялық технологиялар бағытының интегралдық бағалауы жүргізілмеген.

3. 3.3. тарауда жоғары білім беруді цифрландыруды жетілдіру аясында «цифрлық университет» тұжырымдамасы берілген, алайда жоғары оқу орындардың цифрландыру үрдісіндегі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен интеграциясы толық ашылмаған.

Аталған ескертулер ұсынушылық сипатқа ие және ізденушінің кейінгі ғылыми жұмысында пайдалану үшін ұсынылады.

«Білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» тақырыбына диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және Тапенова Гульнур Сағатовнаға Комитет алдында 6D051000 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.

Э.ғ.д., «Тұран» университетінің Бизнес және жоғары мектеп факультетінің Іскерлік басқару кафедрасының профессоры. «Еуразия» халықаралық Академиясының толық мүшесі

